

Қазақстан Республикасында инфляциялық үдерістерді реттеу жөніндегі 2008 - 2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 31 наурыздағы N 74-ө
Өкімі

Инфляцияға қарсы кешенді саясатты әзірлеу және іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында инфляциялық үдерістерді реттеу жөніндегі 2008 - 2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі жарты жылдың қорытындылары бойынша жылына екі рет 30 шілдеге және 30 қаңтарға Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Жоспардың іске асырылуы туралы есеп берсін.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жарты жылдың қорытындылары бойынша жылына екі рет 10 тамызға және 10 ақпанға Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне Жоспардың іске асырылуы туралы ақпарат берсін.

4. "Қазақстан Республикасында инфляциялық үдерістерді реттеу жөніндегі 2007 - 2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 370-ө өкімінің күші жойылды деп танылсын.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2008 жылғы 31 наурыздағы
N 74 - ө өкімімен

бекітілген

Қазақстан Республикасында инфляциялық үдерістерді реттеу жөніндегі 2008 - 2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Жауапты орындау- шылар	Орындау мерзімі
1	Қазақстан Республикасындағы инфляциялық үдеріс-	Үкіметке ақпарат	ҰБ, ЭБЖМ, ИСМ, АШМ,	Жарты жылдың қорытындылары бойынша жыл

	тердің мониторингін жүргізу және инфляцияның себептеріне талдау жасау		ЭМРМ, ТМРА, Қаржымині, СА	сайын 10 тамызға және 10 ақпанға
2	Реттелетін субъектілердің қызметі мен өнімнің өзіндік құнына әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды айқындай отырып, олармен тығыз өзара қарым-қатынас бойынша нақты жұмыс жүргізуді ескеріп, Мемлекеттік органдар реттейтін тарифтердің (бағалардың, ставкалардың, алымдардың) 2008 - 2009 жылдарға арналған деңгейін өзгерту болжамдарын айқындау жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Қазақ-стан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі	ТМРА	2008 жылға тамыз
3	Мыналарды : олардың елді мекендердің шегінде тиімді орналасуын; жеміс-көкөніс өнімдерін сақтауға қажетті жағдайларды қамтамасыз етуін; тиісті инфрақұрылым жүргізуін ескере отырып, Қосымша көтерме (коммуналдық) базарлар ұйымдастыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу	Құқықтық акт	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2008 жылғы маусым
		ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жарты жылдың қорытындылары бойынша жыл сайын 10 шілдеге және 10 қаңтарға
4	Отандық ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің сауда орындарына жеңілдікті негізде тікелей қолжетімдігін қамтамасыз ете отырып және бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып, апта сайынғы (сенбі және жексенбі күндері) жәрменкелер өткізу	ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне
5	Мыналарды : республиканың оңтүстік өңірлері мен жақын және алыс шет елдерден жеміс-көкөніс өнімдерін үнемі жеткізуді ; сауда орындары үшін алынатын жалдау ақыларын;	ЭБЖМ-ге талдамалық есеп	ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі

	жеміс-көкөніс өнімдерін сақтау мен сатуды ұйымдастыруды; қала мен аудан шегінде орналасуын; сауда орындарын жалдау ақысын азайту арқылы сатылатын сапалы өнімдер бағасын азайтуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ескере келе, коммуналдық базарлар қызметіне және өңірлерде жәрмеңкелер өткізу тиімділігіне талдау жасау			айдың 10-күніне
6	Сауда инфрақұрылымын дамыту, соның ішінде жер бөлу, жолдар мен коммуникациялар жүргізу жөніндегі іс-қимыл жоспарларын әзірлеу	Құқықтық акт	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2008 жылғы маусым
		ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жарты жылдың қорытындылары бойынша жыл сайын 10 шілдеге және 10 қаңтарға
7	Сауда инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарларын іске асырудың тиімділігіне талдау жасау	ЭБЖМ-ге талдамалық есеп	ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жарты жылдың қорытындылары бойынша жыл сайын 1 тамызға және 1 ақпанға
8	Монополияға қарсы заңнаманы бұзу фактілерін анықтау және оның жолын кесу әдістерін жетілдіру	Нормативтік құқықтық актінің жобасы	БҚА	2008 жылғы қараша
9	Бірінші кезекте талдауға жататын базарлардағы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) айқындау тәртібін әзірлеу	Бірлескен бұйрық	БҚА, АШМ, ИСМ, ЭМРМ	2008 жылғы сәуір
10	Елімізде 2008 - 2009 жылдары жанар-жағармай бағасын тұрақтандыру мақсатында қабылданған шаралар бойынша, оның ішінде:	ЭБЖМ-ге ақпарат	ЭМРМ, ИСМ, АШМ, ЭБЖМ, Қаржымині, облыстардың, Астана	Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі

	елімізде мұнай өңдеудің жылдық жоспарлары мен мұнайды өңдеу зауыттарының жоспарлы алдын алу жұмыстарына тоқтау кестелерін айқындау жөнінде; маусымдық дала жұмыстарын жүргізу кезеңінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге дизель отынын жеткізуді айқындау жөніндегі іс-шараларды еске отырып, ақпарат беру		және Алматы қалаларының әкімдері	айдың 10-күніне
11	Ішкі нарықта бағалық интервенцияларды жүзеге асыру мақсатында мал шаруашылығы өнімінің ресурстарын қалыптастыру	ЭБЖМ-ге ақпарат	АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Қазагро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы	Жарты жылдың қорытындылары бойынша жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға
12	Тамшылап суару технологияларын енгізу және көкөніс нарығын тұрақтандыру мақсатында жылы жай шаруашылығын дамыту	ЭБЖМ-ге ақпарат	"Қазагро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы	Жарты жылдың қорытындылары бойынша жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға
13	Өңірлік ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің мүдделерін ескере отырып, шектес мемлекеттерден жеміс-көкөніс өнімдерін жеткізуді әртарапандыру	ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жарты жылдың қорытындылары бойынша жыл сайын 10 шілдеге және 10 қаңтарға
14	Шектес мемлекеттерден жеміс-көкөніс өнімдерін жеткізуді әртарапандыру тиімділігіне талдау жасау	ЭБЖМ-ге талдамалық есеп	ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жарты жылдың қорытындылары бойынша жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға
15	Көтерме базарлардағы бағаның ашықтығын және олардың өңірлерде, мемлекеттік тапсырыс шеңберін-	ЭБЖМ-ге ақпарат	АШМ, облыстардың, Астана және Алматы	Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан

	де халық үшін қолжетімді бұқаралық ақпарат құралдарында үнемі жариялануын қамтамасыз ету		қалаларының әкімдері	кейінгі айдың 10-күніне
16	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, көктемгі-дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтар құнын арзандатуға ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге субсидиялар төлеу	ЭБЖМ-ге ақпарат	АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жарты жылдың қорытындылары бойынша жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға
17	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге ауыл шаруашылығы өнімінің бағасын тұрақтандыру мәніне субсидиялар төлеу тиімділігіне талдау жасау	ЭБЖМ-ге талдамалық есеп	АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жарты жылдың қорытындылары бойынша жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға
18	Ұн және бидайдың тұрақтандыру қорын тиімді пайдалануға және құруға талдау жүргізу	ЭБЖМ-ге талдамалық есеп	А Ш М , "Қазагро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жарты жылдың қорытындылары бойынша жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға
19	Өнім өндірушілер (импорттаушылар) мен түпкілікті тұтынушылар арасындағы делдалдар санын қысқарту жөнінде қажетті шаралар қабылдау	ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне
20	Өнім өндірушілер (импорттаушылар) мен түпкілікті тұтынушылар арасындағы делдалдардың санын қысқарту жөнінде қажетті шаралар қабылдау тиімділігіне талдау жасау	ЭБЖМ-ге талдамалық есеп	ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жарты жылдың қорытындылары бойынша жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға

21	Тұтыну нарығында және ел экономикасының нақты секторында, оның ішінде облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде бағаның өзгеруі туралы статистикалық деректер дайындау	Орталық және жер-гілікті атқарушы органдарға ақпарат	СА	Ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне
22	Тамақ өнімдерінің негізгі тауарлары мен мұнай өнімдері бағасының апта сайынғы мониторингі	АШМ-ге ақпарат	"Қазагро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы	Апта сайын, есепіден кейінгі аптаның екінші күніне

Ескертпе : **аббревиатуралардың толық жазылуы**

ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

БҚА - Қазақстан Республикасы бәселестікті қорғау агенттігі

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі